

## ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

2017 жылы негізі қаланған Қазынашылық жөніндегі комитет Қоғамның қазынашылық функцияларымен байланысты тәуекелдерді басқару тиімділігін арттыруда және қадағалауды жүзеге асыруда Директорлар кеңесіне жәрдемдеседі.

### Құрамы:

**Дмитрий Ларионов**  
Комитет Төрағасы

**Ғани Битенов**  
Комитет мүшесі

(ол болмағанда, Нұржан Байдәулетов мырза Комитеттің баламалы мүшесі болады)

**Майлз Уэсткотт**  
Комитет мүшесі

(ол болмағанда, Алан Фрейзер мырза Комитеттің баламалы мүшесі болады)

2018 жылы Қазынашылық жөніндегі комитеттің көзбе-көз нысандағы алты отырысы өткізілді. Комитет мүшелерінің 2018 жылғы отырыстарға қатысуы туралы ақпаратты 51-беттен қараңыздар.

Комитет қызметі төмендегі салаларда Директорлар кеңесіне көмек көрсетуге бағытталған:

- Қоғам қызметінің қазынашылық түрлерін, қазынашылық саласындағы саясаттар мен рәсімдердің жақсартылуы мен тиімділігінің қамтамасыз етілуін бақылау тетіктеріне тексеру жүргізу;
- Қазынашылық жөніндегі комитет туралы ережеге сәйкес және Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша қазынашылықпен байланысты барлық мәселелерде қызметтің қазынашылық түрлеріне қадағалау жүргізу және олармен байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктер туралы Директорлар кеңесін хабардар ету.

#### Ролі және міндеттері

- қазынашылық саласындағы саясаттардың сақталу жай-күйі туралы Қоғамның ай сайынғы есептерін қарастыру;
- Қоғам басшылығымен бірлесе отырып, қазынашылықпен байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерді және Қоғамның қазынашылықты басқару жөніндегі тиісті жоспарларын тұрақты түрде (кем дегенде жарты жылда бір рет) қарастырып отыру;
- Директорлар кеңесінің алдында өз қызметі туралы кем дегенде жылына бір рет есеп беру, комитеттің жұмыс нәтижелері туралы ақпаратты акционерлердің жылдық жалпы жиналысы алдындағы есепте ашып көрсету үшін дайындау және қазынашылық жөніндегі комитет туралы ережеде көрсетілген саясаттардың барлық бұзылулары туралы Директорлар кеңесінің алдында есеп беру.

#### 2018 жылғы қызмет

Комитет мынадай негізгі мәселелерді қарастырды:

- қазынашылықтың ай сайынғы есептері;
- депозиттердің орналастырылу жай-күйі және банктік тәуекелдер жөніндегі тоқсандық есептер;
- ақша қаражаттарын, банктік тәуекелдерді басқару саясаты мен қазынашылық есептілігіндегі өзгерістер;

- контрагент-банктер мен ұсынылатын лимиттердің жылдық шолуы;
- банктік кепілдіктер мен аккредитивтерге қойылатын талаптарға арналған нұсқаулық;
- қарыздарды тарту және оларға қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулық;
- валюталық тәуекелге ұшырауға бейімділік туралы жаңартылған ақпарат;
- дефолтқа жол берген банктермен және қиындықтарға ұшыраған банктермен байланысты жағдай бойынша жаңартылған ақпарат;
- кредиттік желілерді ашу үшін әлеуетті банктерді қарастыру;
- серіктес банктерді бағалау және аккредиттелген банктердегі кредиттік лимиттерді бекіту;
- кредиттік желілерді ұлғайту және ашу; осыған орай Қоғамның жарғылық капиталының 10% -ын және одан астамын құрайтын мөлшерде міндеттемелерді ұлғайту жөніндегі ұсынымдар;
- банктік шоттарды ашу және жабу.

#### 2019 жылға арналған басымдықтар

- Реттеуші қызметіне қосымша, Комитет төмендегілерді қамтамасыз етуге ниетті:
- валюталық тәуекелге ұшырауға бейімділік туралы жаңартылған ақпаратты қарау;
  - контрагент-банктерді жыл сайынғы шолу;
  - аккредиттелген банктердің кредиттік лимиттерін бекіту;
  - ақша қаражаттарын, банктік тәуекелдерді басқару саясаттары мен қазынашылық есептілігін қайта қарау;
  - Қазынашылық жөніндегі комитет туралы ережені қайта қарау;
  - қазынашылықтың ай сайынғы, тоқсан сайынғы есептері;
  - Қазынашылық жөніндегі комитеттің құзыретіне енетін басқа да мәселелер.